



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ

№ 008 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

2003 жылғы 16 сәуір

Халықаралық резервтер және ақша базасы туралы

Қазақстан Ұлттық Банкінің халықаралық резервтері (Ұлттық Қордың ақшасын ескермей) және ақша базасы 2003 жылғы 15 сәуірде мынадай болды:

| | Ағымдағы бағамен | Тұрақты бағамен* |
|---|------------------|------------------|
| Таза халықаралық резервтер, млн.долл. | 3997,9 | 4027,0 |
| Оның ішінде | | |
| ЕАВ таза активтер** | 3446,0 | 3446,0 |
| Алтын | 551,9 | 581,0 |
| Ақша базасы, млрд. теңге | 202,8 | 202,8 |
| KZT/USD (кезең аяғында) | 151,95 | 155,85 |
| Алтынның бағасы (1 трой унциясы үшін USD-мен) | 325,60 | 342,75 |

* алтын 2002 жылдың аяғындағы бағамен көрсетілген (1 тр.унц. үшін 342,75\$)

** ЕАВ-мен таза активтер – бұл ЕАВ-ғы жалпы активтер мен міндеттемелер арасындағы айырмашылық

2003 жылғы сәуірдің бірінші жартысында Ұлттық Банктің халықаралық резервтерінің көбею үрдісі жалғаса түсті.

Таза халықаралық резервтердің ағымдағы бағасы 2,0%-ке (немесе 76,9 млн.долл.) көбейді. Ұлттық Банктің ішкі валюта рыногындағы операциялары және Қаржы министрлігінің Ұлттық Банктегі есепшоттарына валютаның түсуі таза валюта қорларын (ЕАВ) 93,0 млн.долларға толықтыруға ықпал етті. Алтынмен активтер оның әлемдік рыноктардағы бағасының 2,9%-ке төмендеуі нәтижесінде 16,1 млн. долларға төмендеді.

Тұрақты бағамен Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтері 2,4%-ке, ЕАВ-мен таза активтер – 2,8%-ке, алтынмен активтер аз ғана – 0,07%-ке өсті.

Елдің халықаралық резервтері жалпы алғанда (ағымдағы бағамен) яғни, Ұлттық Қордың ақшасын (алдын-ала деректер бойынша – 2 209,8, млн. долл.) қоса алғанда 6 210,0 млн. долл. болды. Өткен айға өсімі – 4,9 % болды.

2003 жылғы сәуір айының бірінші жартысында Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтерінің төмендеуі (Үкіметтің шоттарындағы ақшаның ұлғаюы) ақша базасының 1,6%-ке (немесе 3,2 млрд. теңгеге) қысқаруына себепші болды.